

ӘОЖ 930.2:81'286

**АРМЯН ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕСІ**
ARMENIAN-KIPCHAK MONUMENTS AND PROBLEMS OF THE
KAZAKH LANGUAGE HISTORY

С.Ж. ҚҰДАСОВ*
С. ТӨРЕБЕКОВА**

Түйіндемe

Бұл мақалада XVI-XVII ғасырлардағы армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тілі негізгі сөздік қорының қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен салыстырғандағы өзіндік ерекшеліктері сөз болады. Салыстырылған тілдердің фонетикалық және семантикалық жүйелі сәйкестіктері мен өзгешеліктері анықталады.

Кілт сөздер: Фонетика, қыпшақ тілдері, негізгі сөздік қор, армян-қыпшақ ескерткіштері, тарихи грамматика.

Summary

This article discusses the features of the basic word stock of the Armenian-Kipchak written monuments XVI-XVII centuries in comparison with the corresponding equivalents of the Kazakh language. Determined systemic phonetic and semantic matching or differences of vocabulary of these languages.

Keywords: Phonetics, Kipchak Languages, Basic Vocabulary, the Armenian-Kipchak Monuments, Historical Grammar.

Қазіргі көптеген түркі халықтарының этникалық және тілдік тұрғыдан қалыптасуына ұйытқы болған қыпшақ ру-тайпаларының, қыпшақ тайпалық одақтарының, қыпшақ мәдениеті мен қыпшақ тілдерінің тарихтағы орны мен рөлі ғылыми зерттеулерде жеткілікті бағамдалып, бағаланбай келеді. Бұл, бір жағынан, олардың тарихи және қазіргі заман тұрғысынан зерттелуінің жетімсіздігінен болса, екінші жағынан, еуропалық тарихнамада түркілерге, олардың тарихы мен мәдениетіне менсінбей, кемсіте қараушылықтан туындаған

* Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері. Түркістан-Қазақстан.

Senior scientific worker of the scientific-research in the Institute of Turkology. International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University Turkistan / Kazakhstan. E-mail: skudassov@mail.ru

** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты. Астана-Қазақстан. PhD students of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana-Kazakhstan. E-mail: saule_torebekova@mail.ru

жайттың нәтижесі. Осыдан келіп, Еуропа ғалымдары түрк халықтарының әлемдік тарих пен мәдениетке қосқан үлесі туралы кейде жанамалай айтқанымен, көп жағдайда үнсіз қалып отырады. Тек соңғы кездерде орыс зерттеушісі Ю. Н. Дроздов өз еңбектерінде ежелгі антикалық және ерте ортағасырлық жазба дереккөздеріндегі мәліметтерге сүйене отырып, ежелгі еуропалық тайпалар мен халықтардың этнонимиясы мен өзге де терминологиясын зерттеу нәтижелерін ұсына отырып, бұл тайпалар мен халықтардың этнонимдерінің түркітілдес екенін анықтайды және зерттеу нәтижелерінің негізінде б.д.д. 3 мыңжылдықтан бастап Еуропаға алдыңғы Орал мен Орта Еділ аймақтарынан X-XII ғғ. дейін қоныс аударған Еуропа халқының басым бөлігі түркітілдес болған деген батыл болжам жасайды [1; 2].

Академик К.М. Мұсаевтың пікірінше, еуроцентристердің ойлап шығарған «халықтардың ұлы қоныс аударуы» деген аңыздары сияқты қыпшақтардың батысқа «жылжуы» тек XI ғасырдан басталатыны туралы пікір де ешқандай сын көтермейді. Батыста XI ғасырға дейін де қыпшақтардың ата-бабаларының өмір сүргендеріне үндіевропа тілдеріндегі түркілік тілдік фактілер жарқын мысал болады [3, 9].

Түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тілдері тобына жататын қазіргі қазақ тілінің тарихи даму жолын, атап айтқанда, тарихи фонетика тұрғысынан – жекелеген фонемалардың дыбыстық өзгеріске ұшырау процесі мен дыбыстардың жүйеленуін, фонетикалық заңдылықтардың тарихи қалыптасуын; грамматикалық тұрғыдан – түркі тілдеріндегі грамматикалық категориялар мен формалардың тарихи дамуы мен қалыптасуын; сөзжасамдық жүйенің, түбірлердің тарихи және семантикалық құрылымын анықтауда; сөздік қор мен сөздік құрамның тарихи дамуын, осы аталған тілдік жүйенің ареалдық ерекшеліктері мен ортақ белгілерін айқындауда қыпшақ тіліндегі орта ғасыр жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан тілдік деректердің орны мен рөлінің ерекше екендігі түркологиялық еңбектерде зерттеулердің басты нысанына айналып отыр. Дегенмен түркі тілдерінің, оның ішінде қыпшақ тілдерінің, даму тарихындағы кезеңдердің бәрін қамтыған жазба мұралардың тапшылығы немесе олардың түрлі себептермен толық ғылыми айналымға енгендіктері жекелеген түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен фонетикасын, тарихи сөзжасам мен лексикологиясын, тарихи сөздіктерін жасауда белгілі деңгейде қиындықтар туғызып отырғаны аян.

Диахрониялық тұрғыдан зерттеудің ғылыми принципінің негізгі постулаттарының бірі – тілдік бірліктерді хронологиялық тұрғыдан жүйелеп салыстыру. Осы мәселеде жазба ескерткіштердің материалдары аса зәру болады. Оның үстіне түркі тіліндегі ортағасырлық жазба мұралардың өзі әр дәуірде, түрлі географиялық аймақ пен саяси-әлеуметтік ортада, түрлі әліпбилермен хатқа түсіп жеткен. Сондықтан олардың қазіргі түркі тілдеріне бірі тікелей қатысты болса, екіншілерінің қатысы жанама болуы заңды құбылыс. Осыдан келіп, ортағасырлық жазба мұралардың өздерін іштей өзара салыстырып, ареалдық белгілерін анықтау мәселесі туындайды. Бұл салада Б. Серебренников пен Н. Гаджиеваның қазіргі түркі тілдерін ареалдық тұрғыдан зерттеген еңбектері түркологияға қосылған үлкен үлес деп білеміз [4].

Араб, көне готика, көне армян, көне еврей, көне грузин жазуларымен хатталып, бүгінге жеткен ортағасырлық жазбалар тілін транслитерациялау мен транскрипциялауда да қиындықтар молынан кездеседі. Себебі кез келген жазу шартты, ескерткіштер тіліндегі кейбір дыбыстардың сапалық көрсеткіштерін анықтауда бірізділіктің болмауынан зерттеуші қай түркі тілінің өкілі болса, оларды (жазба мұраларды) сол тілге, сол халыққа ғана тән мұра деп танып жүргендері жасырын емес. Бұл жерде түркі халықтарының тарихи қалыптасу процесіндегі оларды құраған ру-тайпалар тілінің орны мен рөлін есте естен шығаруға болмайды және ортағасырлық жазбалардағы тілдік элементтердің фоно-семантикалық, грамматикалық тұрғыдан қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығын жүйелі түрде зерттемейінше көптеген сұрақтар шешуін таппай қала бермек.

Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштері тілінің қазіргі қазақ тілімен тарихи-генетикалық сабақтастығынан докторлық диссертациялар [5; 6] қорғалып, кандидаттық диссертациялар жазылды. Ескерткіштер тілі материалдары тарихи-лингвистикалық зерттеулерде, жұмыстың мақсатына қарай, айналымға түсірілді [7; 8]. Аталған еңбектерде жазба мұралар тілін қазіргі түркі тілдерімен сабақтастыра зерттеудің теориялық тұжырымдары жасалды. Десе де зерттеу нысанына айналғандары, негізінен, Алтын Орда мен Мысыр қыпшақтары тіліндегі ескерткіштер болып отыр.

Орта ғасыр жазба ескерткіштері XI-XV ғасырларды қамтиды. Осы кезеңнен бастап түркі тайпалары тілдік, этникалық, саяси бірлесулер тұрғысынан өз алдарына жеке-жеке отау тіге бастағаны белгілі. Олай болса, XV ғасырдан кейін жеткен жазба ескерткіштерді

қай халықтың мұрасы деп танымыз? Мәселенің түйіні осында. Мұндай сұрақ тудыратын XVI-XVII ғасырларда Оңтүстік-Шығыс Еуропа аумағында көне армян әліпбиімен жазылып жеткен, түрлі жанрдағы, мол көлемді «армян жазулы қыпшақ» ескерткіштері. Олар жазылған кезеңде өз алдарына хандық құрған түркі халықтарының алды дүниенің бестен біріне билігін жүргізсе, енді біреулері Ресейдің боданына айналған болатын. Десе де, осы кезде славян халықтарының ортасында, құрылымы мен жүйесі бөлек өзге тілдердің қоршауында қалып, тірлік кешкен армян колониялары тұрғындарының ауызекі сөйлеу тілі жазба әдеби тілге айналады. Бұл жерде армян жазуы Дешті Қыпшақ даласына тарап, қыпшақтар христиан дініне бой ұрған екен деген ойдан аулақ болуымыз керек. Армян жазуын пайдаланып, қыпшақ тілінде мол мұра қалдырғандар, шамамен алғанда, 1500-дей отбасының төңірегінде [9]. Ал олардың тілі, армян, славян тілдерінен енген кірме сөздерді, діни еңбектер мен сөздіктерді аударғанда, түпнұсқа тілдегі грамматикалық формаларды сөзбе-сөз беру мақсатымен жасалған, қыпшақ тілінің жүйесіне тән емес кейбір жасанды формаларды есептемегенде, орта ғасырлық жазба ескерткіштердің тілімен сабақтасып отырады. Бірқатар зерттеушілердің армян-қыпшақ ескерткіштерін «Кодекс Куманикус» тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерін жалғастырып жатқан алтын көпір деп бағалаулары да сондықтан. XVI-XVII ғасырларды қамтитын бұл мол мұраның тілін қазіргі түркі, оның ішінде қыпшақ тілдерімен тарихи-генетикалық сабақтастық, диахрониялық тұрғысынан зерттеу, ареалдық белгілерін айқындау сияқты өзекті мәселелерге ғалымдар назарын аударуымыз қажет.

Ескерткіштерде көрініс тапқан тілдік фактілер қыпшақ тілі лексикасының барлық тақырыптық топтарын қамтиды. Негізгі сөздік қорын жалпытүркілік лексика құрайды. Тарихи даму мен сыртқы лингвистикалық әсерлерден сөз мағыналарының кеңеюі және жаңа ұғымдарды беру мақсатында қыпшақ тілінің негізінде жасалған жаңа сөзқолданыс байқалады. Бұл үрдіс кірме сөздерден сөзжасамдық жолмен, яғни жұрнақтар жалғау арқылы жаңа сөз тудыруда да қолданылған.

Ескерткіштер тілінде сол дәуірге тән түрлі құбылыстар мен заттар атауы, халықтың наным-сенімінен, мәдениетінен хабар беретін сөздер молынан қамтылған, қыпшақ тіліндегі баламасы жоқ болғандықтан түпнұсқа тілден қабылданған кірме атаулар да бар.

Сөздік құрамда төл сөздермен қатар кірме сөздердің қамтылуы барлық тілдерге тән құбылыс болып есептеледі.

Ескерткіштер тілінің негізгі сөздік қоры қазіргі қыпшақ және басқа да түркі тілдеріне ортақ сөздер, яғни жалпытүркілік сипаттағы сөздерден тұратынын жоғарыда айтып өткенбіз. Көне дәуірлерден жеткен түркілік сөздердің үлкен бір тобы, қазіргі түркі тілдерінің өзіндік жүйесін құрайтын фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі тұлғалары мен лексикалық мағыналарын сақтағанын көреміз. Жазба дереккөздерге сүйене отырып, көне түркіден бастап, кейінгі дәуір ескерткіштері тілінен көрініс тапқан бұл сөздердің тілдің даму нәтижесінде фонетикалық, семантикалық, тұлғалық өзгеріске түсу процесін белгілі дәрежеде бағамдауға болады. Жалпытүркілік сөздік қор – қазіргі түркі тілдеріне ұйытқы болған, олардың одан әрі дамуына негіз болған ортақ қазына.

XVI-XVII ғ.ғ. жеткен армян әліпбиімен жазылған қыпшақ тіліндегі жазба мұралар тілінің негізгі сөздік қорын қазақ тілімен салыстыра зерттеудің қазақ тілінің тарихы үшін маңызы зор һәм «армян-қыпшақ тілі» деген сорақылау естілетін атаумен аталып келе жатқан мол мұраның тілі қазіргі қыпшақ тілдерінің қайсысына жақын, ортақ белгілері мен айырмасы қандай деген түйіні мол мәселені түйіртпектеп шешуге де септігін тигізері сөзсіз.

Ескерткіштер тіліндегі есім сөздердің қазақы баламалары:

ата “ата, әке”. Қазіргі түркі тілдерінде *әке*, *ата*, *баба* мағыналарында қолданылып жүрген бұл лексема орта ғасыр ескерткіштерінің басым көпшілігінде тек *әке* мағынасында қолданылған. Қазіргі тілімізде «ата-ана» қос сөзі мен «қайыната» деген біріккен сөз құрамында *әке* мағынасы сақталған. Негізінде қазақ тілінде *ата* – *әкенің әкесі* деген мағынада қолданылады.

оглан «*бала*»: *алғышлы болғай бу огланның күнләрі* «алғысты болғай бұл баланың өмірі», *адам огланлары* “адам баласы, адамзат”. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде *адам* сөзімен, кейбірінде *инсан* сөзімен бірігетін болса, енді бірінде *огул* сөзінің орнына *бала* сөзі қолданылады. Қазақ тілінде *оглан* сөзінің негізінде (*ог* – *ұ* сәйкестігі) қалыптасқан *ұлан* лексемасы болғанымен, қазіргі қолданылуында айырмашылық бары (жас ұлан) байқалады.

ағыз/ағ(ы)з “ауыз”. Қазіргі қазақ тілінде сөз ортасындағы *ғ* дыбысының түсіп қалуына байланысты *ауыз* түрінде қалыптасқан. Тұлғалық жағынан өзгеріске ұшырағанымен, мағыналық жағынан айырмашылығы жоқ.

баш “бас”. Қазақ тілінің қалыптасқан дыбыстық жүйесіне тән жалпытүркілік *ш//с* сәйкестігі негізінде тілімізде *бас* тұлғасында айтылады.

бурун “мұрын”. Қазіргі қыпшақ тілдерінің көбінде сөз басында *б<м*-ға ауысуына байланысты қазақ тілінде *мұрын* болып айтылады. Этимологиялық жағынан *бурун* тұлғасынан таралатыны белгілі.

бармах “саусақ”. Қазіргі қазақ тілінде *бармақ* сөзі болғанымен, ол қолдағы барлық саусақтың атауы емес, тек *бас бармақты* ғана білдіреді. «*Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер*», *бармақ қазы және т.б.*

көз “көз”. Бұл сөз тілімізде осы қалпында қолданылады.

айах “аяқ”, *хол* “қол”, *хулах* “құлақ”, *сахал* “сақал” сөздері қазіргі қазақ тілінде *қ* дыбысымен келеді (*х//қ* сәйкестігі), мағыналық айырмашылығы жоқ.

тебә “төбе” сөзінде қазақ тілімен салыстырғанда *е//ө, ә//е* сәйкестіктері бар. Ескерткіштер тілінде көне сипаты сақталған.

тен “тән, дене”, қазақ тілінде *тән*. Ескерткіштер тілінде түрік, түркімен тілдеріндегі сипаты сақталған.

йүз “жүз, бет” (*йүзнұң сувы*). Қазіргі қыпшақ тілдерінде *ж//й* сәйкестігі қалыпты құбылыс ретінде бағаланады. Қазақ тілінің сөздік қорында адамның беті мағынасында *жүз* сөзі болғанымен, қолданылуында ерекшелік байқалады – стильдік реңкке ие болып келеді. Мысалы, *жүзің күйгір (бетің өртенгір), жүзіқара (қара бет), ай жүзді, бет-жүзіне қарамай (жинақтық мағына)* сияқты қолданыстардың өзіндік ерекшеліктері бар. Ескерткіштер тілінде кездесетін *хара йүзлү* тіркесінің қазақ тіліндегі баламасы *жүзіқара* болса, «ар, ұят» деген мағынадағы *йүзнұң сувы* тіркесі тілімізде «*беттің суын бес төгіп*» деген ораммен беріледі.

йүрәк “жүрек” сөзі тілімізде *й//ж* сәйкестіктері негізінде *жүрек* болып қалыптасқан. Ескерткіштерде кездесетін *йүрәкіңә тут* тіркесі тілімізде *ішіңе сақта* болып айтылады.

хан “қан”: *көнүнүң ханын төктүрдүң есә* «тура (әділ, кінәсіз адамның) қанын төктірсең». Тілімізде *қан төгу* тіркесі қолданылады (*х//қ* сәйкестігі).

теңірі “тәңірі, құдай”. Қазіргі қазақ тілінде *тәңірі/тәңірі* деген варианттарымен «жаратушы, ие» мағынасында ауызекі тілде де, әдеби тілде де қолданылады: *тәңірі жарылқасын* (ризашылық білдіру), т.б.

ит “ит”, *йілан* “жылан” (й//ж сәйкестігі) сөздері тіліміздегі актив лексика болып саналады.

хара хуи “қара құс”. қаз. *қарақұс*.

өтмәк “нан”. Көне дәуірден келе жатқан бұл сөз тілімізде *нан* лексемасымен ауыстырылған: *туз өтмәк* “нан-тұз”, “дәм-тұз”. Ел ішінде айтылатын ашаршылық жылдары қарны ашқан бір баланың: «Әкемнің өлерін білсем өтпекке айырбастамас па едім» деген сөзі бар. Бұл жерде қазақта болған сөз бе, әлде Семейдегі татарлардан естіп (татарша: *икмәк*) айтқаны ма, ол арасы күңгірт.

туз “тұз”, *сүт* “сүт”, *хаймах* “қаймақ” сөздері тілімізде кейбір дыбыстық (у//ұ, х//қ) өзгерістері болмаса, мағынасы сол қалпындағы сөздер.

өв//ув “үй”. Көне түркі тілінде *еб* тұлғасында көрініс тапқан бұл сөзде орта ғасырдың алғашқы кезеңдерінде-ақ *е<ү* және *б<в//ф//й* алмасулары болғанын, қыпшақ жазба ескерткіштерінің материалдарынан бұл дыбыстық өзгерістердің одан әрі дамып *ев//ив//өв//өй//йев* сияқты бірнеше фонетикалық варианттары қалыптасқанын көреміз. Қазіргі тілімізде *үй болып* айтылады.

Кейбір фонетикалық өзгешеліктері болмаса *ешік* “есік”, *бөрк* “бөрік”, *етік* “етік”, *йастых* “жастық”, *тон* “киім”, *хамчі* “қамшы”; *алтын* “алтын”, *інджі* “інжу”, *күмүш* “күміс”, *хорғашын* “қорғасын” *бадам* “бадам”, *бадам терәкі* “бадам ағашы”, *бахча* “бақша”, сияқты сөздер қазақ тілінің сөздік қорындағы актив лексика болып саналады. Осы топқа *чичәк* “шешек, гүл”, *йеміш* “жеміс”, *йапрах* “жапырақ”, *тегәнәк* “тіккенек”, *йашыл* “көк шөп” сөздерін де қосамыз. Бұл жерде айтарымыз, армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі *тон* сөзі жалпы киім атауын білдірсе, қазақ тілінде *тон* деп қойдың терісінен иленіп жасалған сырт киімді ғана айтады. Сондай-ақ ескерткіштер тілінде *бадам терәкі* “бадам ағашы” тіркесінің құрамындағы *терәк* сөзі жалпы ағаш деген ұғымды білдірсе, қазақ тіліндегі *терек* сөзі ағаштың бір түрінің атауы ғана болып қалыптасқан.

хабах “қабақ”. Қазақ тілінде *қабақ* - ыдыс жасайтын бақша өсімдігінің атауы және бұл сөздің *қауақ* деген варианты да бар. Ал ескерткіш тілі мен басқа бірқатар түркі тілдеріндегі *қабақ* тілімізде *ас* сөзімен бірігіп «*асқабақ*» болып айтылады.

йер “жер”, *таш* “тас”, *йел* “жел”, *чугур* “шұқыр, шұңқыр” сөздерінде *й//ж*, *ш//с*, *ч//ш*, *з//қ* дыбыстарының қолданылуындағы ерекшеліктер болмаса семантикалық тұрғыдан ауытқулар жоқ.

сув “су”. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде *суб* тұлғасында кездесетін бұл лексеманың тарихи даму процесінде *б//в//w//ø* дыбыс ауысуы нәтижесінде қалыптасқанын көреміз. Қазақ тілінде *у* дифтонг дыбыс екендігі белгілі. Дауыссыз дыбыспен қатар келгенде алдынан көмескіленіп *ү*, *ұ* дыбыстары естіледі де, орфография ережесі бойынша жазуда ескерілмейді. Демек тілімізде бұл сөз *сұу* түрінде дыбысталып, көне түркілік *б* дыбысы қазақ тіліндегі *у* дыбысымен сәйкеседі. Ал *сусмамах* туынды сөзінің мағынасы қазақ тіліндегі “сусау, шөлдеу” деген сөздермен анықталады.

кун “1) күн (планета), 2) аптаның күні”, *күндүз* “күндіз” сөздері қазіргі қазақ тілінде өзгеріссіз қолданылады. «*Ертелі кеш, күндіз-түні*» деген мағынада қолданылған *күндүз у кечä* тіркесінің құрамындағы *кечä* сөзі қазіргі тілде қолданылмағанымен, фольклор тілінде көрініс тапқан. «Қыз Жібек пен Төлеген» лиро-эпосында: *Айдың бүгін нешесі, Ай қараңғы кешесі* деген жолдарға назар аударар болсақ, онда *кеше* лексемасының «өткен күн, кеше» мағынасында емес, «кеш, қараңғы түскен мезгіл» дегенді білдіріп тұрғанына көз жеткіземіз.

бий “билеуші, басқарушы, мырза, қожайын, патша, бояр, князь, помещик, ағзам, ақсүйек, сот билік айтушы”: *не кі ишйтсәң хан бий ешикінä* “хан-би (билеуші) есігінен не естісең”. Көне түркі тілінде *бег* тұлғасында кездесетін бұл сөз қазіргі қазақ тілінде сөз соңындағы *г* дыбысының *й*-ге айналған *бий*, *бей* және *г* дыбысының қатаңдаған *бек* сипатында, екі түрлі мағынада қалыптасқан. Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінде көпмағыналы болып келетін *бий* сөзі қазақ тілінде көнерген сөздерге жататын *би*, *бек* лексемаларынан мағыналық айырмашылықтары бар екендігі көрінеді.

черув “шеру, әскер”: *улу черув білә* «үлкен шерумен (әскермен)», *елчі* “елші”, *барлы* “бай”, *йарлы* “жарлы, кедей”, *йарлыл(ы)х* “кедейлік”, *йолдаш* “жолдас”, *хан* “хан, ел билеуші”, *ханл(ы)х* “хандық, мемлекет”, *хул* “құл”, *хул хутан* “құл-құтан”, *огру* “ұры”, *огурлух* “ұрлық”, *улус* “ұлыс, ел, мемлекет”, *ел* “ел” сөздері қазіргі қазақ тілінде азды-көпті фонетикалық өзгерістермен қолданылады. Ал *тірлік* “дүние”, *тірліклі* “дүниелі, бай”, *сыңар* “жолдас” сөздері тілімізде болғанымен мағыналары бөлек. Сондай-ақ *төрä* “төре, сот, заң”,

төрәчі «төреші, судья, төре беруші, сотта төрелік айтушы», йарғу «жарғы, сот» лексемалары қазақ тілінің сөздік қорында бар сөздер болғанымен, қазір көнерген сөздерге айналған, семантикалық тұрғыдан айырмашылықтары бар. Мысалы, *төрәчі «төреші»* - сотта төре беріп, үкім кесуші емес, спорттық ойындарда төрелік айтушы (арбитр) мағынасымен шектеліп қалған. Келесі түркілік сөздер (*хараваш «күң»* сөзінен басқалары) қазіргі қазақ тілінде аудармадағы берілген кірме нұсқаларымен қалыптасқан: *туснах «аманат», бітік «жазба, хат», таных «куә», йүк «кепіл»*.

Ескерткіштер тіліндегі *хулач «құлаш», узун «ұзын», йарым «жарым, жарты», харыш «қарыс»* сөздері қазақ тілінде *х//қ, у//ұ, й//ж* сәйкестіктерімен, сол мағынада актив қолданыстағы сөздер.

ат «ат, есім», ус «ес, ақыл», тынчл(ы)х «тыныштық», тынчсызл(ы)х «тынышсыздық», уйат «ұят», йүзунуң сувы «ұят, ар», өлүм «өлім», той «той», өктәм «өктем», өгүт «үгіт, өсиет», йахшил(ы)х «жақсылық», йаманл(ы)х «жамандық», итлік «иттік, жаман қылық», йуаш «жуас», ессіздік «ессіздік, ақымақтық», холтқа «қолқа, өтініш», хайғу «қайғы», өктәмлік «өктемдік», сыр «сыр, құпия», ачлых «аштық» сияқты ескерткіштер тілінде актив қолданыста болған сөздер қазақ тілінде сол қалпында немесе фонетикалық сәйкестіктермен қолданылады.

арув сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы - *ару (сұлу), таза – «ақ жуып, арулап қойды»* (дүниеден өткен кісіге қатысты айтылады). Тіліміздегі *арыл-, арын -, арық* сөздерінің негізінде осы *арув* лексемасы жатқанын байқаймыз.

ескі «ескі», ессіз «ессіз, ақылсыз» сөздері қазақ тілінде сол қалпында қолданылады, ал сөздік қорда *есірік* деген сөз болғанымен, армян-қыпшақ тіліндегі «шарап ішкен, мас адам» деген мағынада емес, жалпы психикасы ауытқыған адам дегенді білдіреді. Негізінен бастапқы мағынасы да осы болуы керек, армян-қыпшақтар сөздік қорларындағы дайын лексеманы жаңа мағынада қолданған болулары керек. Олай дейтініміз, жалпытүркілік сөздердің армян-қыпшақ ескерткіштері тілінде ауыспалы мағынада қолданулары және бұрыннан бар сөздің негізінде жасалған туынды сөздер арқылы жаңа ұғымдар мен атауларды берулері.

йалан аях «жалаң аяқ», ач «аш», ағыр «ауыр», аз «аз», артых «артық», йашил «жасыл, көк шөп», кийінішли «киінген», кечөвлү «өтпелі», керәклі «керекті», керәксіз «керексіз», көңүллү «көңілді», көрклү «көрікті», күчлү «күшті», харт «қарт», хорхусуз «қорықпайтын»,

өлүмлү “өлімді”, *сохур* “соқыр”, *сөвөклү* “сүйікті”, *татлы* “тәтті”, *терчә* “тез”, *тіріләй* “тірідей”, *толу* “толы”, *төзүмлү* “төзімді”, *тул* “жесір, тұл”. Осы мысалға келтірілген сөздердің ішіндегі *кййінішли* “киінген”, *терчә* “тез” сөздері қазақ тілінде кездеспейді, ал тілімізде түсті білдіретін *жасыл* сын есімі болғанымен, ескерткіштер тіліндегі *йашил* “жасыл, көк шөп” мағынасында қолданылмайды. Оның орнына *көк* (*көк шықты, көк жайлау*) лексемасы айтылады. Өзге сөздер қазақ тілінің сөздік қорынан орын алған, қыпшақ тіліне тән фонетикалық өзгешеліктері сақталған, мағыналары үндес сөздер.

Етістіктердің қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі:

айт- “айт-”, *уйуқла-* «ұйықта-», *үндә-* “үнде-”, *шақыр-* “шақыр-”, *сөзлә-* “сөйле-”, *сор-* “сұра-”, *бах-* “бақыла-”, *қара-* “ішіт-”, *есті-*, *есту-* “сақта-”, *йут-* “жүт-”, *йыгла-* “жыла-”, *көр-* “көр-”, *хайғур-* “қайғыр-”, *хулах хой-* “құлақ сал-, тыңда-”, *хорх-* “қорық-”, *өл-* “өл-”, *ач-* “аш-”, *ачыт-* “ашындыр-”, *ал-* “ал-”, *байла-* “байла-”, *бас-* “бас-”, *башла-* “баста-”, *бер-* “бер-”, *буйур-* “бұйыр-”, *чеш-* “шеш-”, *ет-* “ет-”, *йе-* “же-”, *йых-* «жық-, жығу, құлату», *кес-* “кес-”, *хой-* “қой-”, *хутхар-* “құтқар-”, *өлтүр-* “өлтір-”, *сев-* “сүй-”, *чаиш-* “шаш-, шашу”, *сүр-* “қу-”, *тут-* “тұт-, сақта-”, *ур-* “ұр-”, *үлуш-* “үлес-”, *төк-* “төк-, төгу”, *бол-//ол-* “бол-”, *олтур-* “отыр-”, *охша-* “ұқса-”, *тур-* “тұр-”, *турғуз-* «тұрғыз», *бар-* “бар-”, *кір-* “кір-”, *келтір-* “келтір-”, *күл-* “күл-”, *сал-* “қалдыр-”, *сарнат-* “оқыт-”, *сййла-* “сыйла-”, *сөк-* “сөк-”, *сына-* “сына-”, *тап-* “тап-”, *түз-* “түз-”, *йаса-* “жаса-”, *унут-* “ұмыт-”, *уйал-* “ұял” т.б.

Келтірілген бұл мысалдардан армян жазулы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі етістіктер мен қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің сөздік қор деңгейіндегі сабақтастығына көз жеткіземіз. Осыған дейін айтылғанындай, қыпшақ тобындағы тілдердің де өзара ортақ белгілерімен қатар, бірін екіншісінен ажырататын жүйелі айырмашылықтардың бар екендігі салыстыру барысында айқын көрінді.

Әр тілдің өзіндік даму процесі барысында өзгерістерге ұшырап отыруы заңды құбылыс, оның үстіне салыстырылып отырған тілдердің арасын жүздеген жылдардың бөліп жатқаны тағы бар. Қалай болғанда да өз дәуірінде Еуразияның апайтөс даласында, Дунайдан Алтайға дейінгі аралықта халықаралық тіл қызметін атқарған қыпшақ тілінің аймақтық ерекшеліктері болғанымен, олардың негізі бір, тілдік құбылыстары ортақтығын және қазіргі қыпшақ тілдерімен, оның ішінде қазақ тілімен, генетикалық сабақтастығын тағдыр тәлкегімен

түрлі дәуірлерде, түрлі әліпбилермен хатталып жеткен жазба дүниелерге жан-жақты, тиянақты зерттеулер жүргізу нәтижесінде нақтылап, айқындауға қол жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дроздов Ю.Н. *Тюркская этнонимия древнеевропейских народов*. -М., 2008. –392 с.
2. Дроздов Ю.Н. *Тюркскоязычный период европейской истории*. – М.; Ярославль: ООО ИПК «Литера», 2011, – 600 с.
3. Мусаев К. *Қыпчаки и прақыпчакский язык // Ученые записки Таврического национального университета им В.И. Вернадского. Серия «Филология». Том 20 (59), №5, 2007 г. С. 5-27*
4. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. *Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков*. – Баку, 1979.
5. Сабыр М. *Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)*. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 315 б.
6. Боранбаев С. *Ескі қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің генетикалық сабақтастығы: Докторлық дисс. қолжазбасы*. – Бишкек, 2008. – 308 б.
7. Сағындықұлы Б. *Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері*. – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.
8. Ескеева М. *Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері*. – Алматы: Арыс, 2007.
9. Дашкевич Я. Р. *Армянские колонии на Украине в источниках и литературе XV-XIX веков*. – Ереван, 1962.
10. Dachkévytch Ya., Tryjarski E. *“La Chronique de Pologne” – un monument arméno-kipchak de première moitié du XVII siècle // Rocznik Orientalistyczny*. – 1981. – Т. 42, z. 1. – Str. 5-26.
11. Schütz E. *An Armeno-Kipchak Chronicle on the Polish-Turkish Wars in 1620-1621*. – Budapest, 1968.
12. Vásáry S. *Armeno-Kipchak Parts from the Kamenets Chronicle // Acta Orientalia Hungarica*. – 1969. – Т. 22, fasc. 2. – 139-189 pp.